

**GTAMP: 02.41.21**

## **ҚАЗІРГІ АДАМ ТҮСІНІГІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҰҒЫМЫ**

**Б.А.АМАНИЯЗОВА** [0000-0003-4018-89-52]

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

e-mail: [baqdaqul-1977@mail.ru](mailto:baqdaqul-1977@mail.ru)

**Аңдатпа:** Адамды әрқашан ертеңгі күн алаңдатады. Бірақ оның негізін қазіргі күннен іздейді. Себебі ол болашағы үшін бүгін әрекет ете алады, өзін, әлемді өзгерте алады. Ағарту дәуірі «қазіргі заман» концепциясына бастау берді. Оның миссиясын анықтап берді. Кейіннен бұл ұғым аясы кеңіп, жаңа мәнге ие бола бастады. «Қазіргі заман» ұғымы қандай мәнге ие болса да, әрқашан қоғам дамуының шындығы мен даму әлеуетін бағалау үшін қолданылады. Мақалада сонымен қатар тұлғаның дамуы үшін қолайсыз концепциялар келтіріледі, бүгінгі бар жаһандық мәселелер мен жетістіктер көрсетіледі. Бүгінгінің түрлі құбылыстары мен процестерінің күрделілігі мен өзара байланысы туралы қорытынды жасалады. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін «қазіргі заман» ұғымы алдыңғы және кейінгі шекарасы анықталған хронологиялық логикаға сәйкес мағына берілген тарихтың сатысы ретінде қарастырылды. Қазіргі заманды құрайтын барлық мәселелер де, жетістіктер де екіұшты және өзара байланысты. Алайда қазіргі уақыт - әлемдегі жағдай өркендеу мен қорқынышқа бірнеше сәтте өзгеруі мүмкін қызықты уақыт. Таңдау мен әрекет біздікі.

**Түйін сөздер:** қазіргі заман, қоғам, құндылық, тұлғаның дамуы, хаос, жаһандық мәселелер, жетістіктер, өзгерістер

### **КІРІСПЕ**

Біздің болашағымыздың негізі – қазіргі уақыт. Дәл қазіргі сәтте ақыл-ойдың бақытты иесі бола отырып, Адам өзін қоршаған оқиғаларды уақыт пен кеңістікке бөліп, баға береді. Сол қазіргі сәті туралы ойланып, оның тез өтіп жатқанын байқап, болашағының бастауын көреді. Бірақ сол тездігімен қазіргі сәт адам әрекет ете алатын, әлем мен өз тағдырын өзгерте алатын қолдағы жалғыз нәрсе ретінде ерекше мәнге ие. Қоғамның дамуы мен адамның өзін әлеуметтік жан сезінуі барысында осы шақ туралы жеке түсінік ұжымдыққа айналады, енді ол тұтас қоғамның ағымдық жағдайы мен оның өткен мен болашақ арасындағы орнын бейнелейді. Жаңа ұғым – «қазіргі заман» деген ұғым пайда болады, ол жай ғана созылған уақыт бөлшегі емес, қоғамның және оның өкілдерінің мәселесі мен жарқын белгісі. «Қазіргі заман» концепциясы осы шақ туралы ойлану, оны өткенмен салыстыру, тұтас қоғамның болашағын жүзеге асыру стратегиясын болжау мен жасаудың жаңа шарттарын береді. Адамзат екі дүниежүзілік соғысты өткерген, жер бетіндегі бүкіл адамды бір мезетте құрта алатын қару жасаған кезде «қазіргі заман» ұғымына жүгіну бұрынғыдан қарағанда қажетті, міндетті бола түскен сияқты: XXI ғасыр адамдары қайда бара жатыр, біз болашағымызды

қалай өзгерте аламыз және өзгерте аламыз ба?.. Осы сұрақтардың жауабы біздің қазіргі заманды қалай көруімізге негізделген.

«Қазіргі заман» ұғымы туралы сұрақты түсіну үшін, ең алдымен ұғымның өзінің мазмұны мен тарихына үңілуіміз керек. Жаңа философиялық энциклопедияда «Қазіргі заман» ұғымы бұрын қоғамның тәртібін заңдастырған, осы қоғамның барлық мүшелерінің «әлеміне» мағына берген, қоғам мүшелерімен жоғары және объективтік «онтологиялық шындық» болып қабылданған жоғары құндылықтар құрылысының үзілуі мен құлауының салдарында қалған қоғамның проблемалық жағдайы деп анықталған (1, с.587-588). «Қазіргі заман» мәселесі Ағарту заманында құндылықтарын құлдырауын бұрынғыдан «ақиқат» және «терең» шындыққа «трансценденцияға ену» жолымен жеңу мүмкін болмаған кезде пайда болды(1, с.587-588). Сондықтан тұлғаның еркіндігі мен қоғамның құндылықтар бағдарынан тәуелділікте шындықты құру туралы пікір пайда болды. Осылай алғашында «қазіргі заман» ұғымы құндылық ретінде пайда болған: белгілі құндылықтар басымдығымен сипатталған кезеңнің қазіргі сәтін қамтиды. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін «қазіргі заман» ұғымы алдыңғы және кейінгі шекарасы анықталған хронологиялық логикаға сәйкес мағына берілген тарихтың сатысы ретінде қарастырылды. «Қазіргі заман» концепциясы адамзат қоғамының аз дамыған сатысынан жоғарыға қарай дамуын білдіретін тарихи прогресс теориясының бөлігі болды (О.Конт, К.Маркс, Г.Спенсер, Г.Гегель және т.б. ). Тарих тұтас, аяқталған, ал қазіргі сәттің онда белгілі орны болды. Г.Фихте 5 тарихи дәуірді бөліп көрсетті: кінәсіздік (ақыл-ой инстинктінің басымдығы), бедел, аяқталған күнәһарлық, зерделі ғылым, зерделі өнер-осылардың ішінде қазіргі заман үшіншісі болды. Оның ойынша, қоғам адамдар арасында еркіндікке негізделген қатынас пен еркін ақыл-ой негізінде құрылым құруға келуі керек. Қазіргі заманда философ авторитеттен, ақылға қонымды инстинкттен және жеке рухтың ережесінен босатуды тағайындады [2, б. 80]. Қазіргі заманға құндылықтық-тарихи тұрғыдан анықтама берген кез-келген философ жақсы болашаққа жету жолындағы белгілі бір бетбұрыс деп баға берді: О.Конт адамның ақыл-ой эволюциясы аяқталатын метафизикалықтан ғылыми сатыға көшуді жариялады[3]; К.Маркс қазіргі заман деп капитализмнің күйреуі мен оның пікірінше әділетті кезең қоғамның - социализмге ауысуын түсінді [4, б. 7]. Қазіргі заман туралы осы түсінік шынымен де алға жылжуға ықпал етті. 19 ғасырдың аяғы - 20 ғасырдың басында «қазіргі заман» ұғымы тарихи прогресс доктринасынан тыс қарастырыла бастады - ол тарихи жағдай ретінде пайда болады, оның мақсаты тарихтың өзі сияқты (мәңгілікке созылатын процесс) оң таныла алмады. Сонымен бірге, ойшылдар қазіргі заманның ең маңызды құндылықтары заманына сай жеке болатындығына назар аударады. Бұл ой желісі

экзистенциализмде дамыды. К.Ясперс: «Бір уақыттағы адамдар үшін жалғыз жағдай жоқ. ... Соған қарамастан, біз уақыттың рухани жағдайы туралы ол жалғыз сияқты сөйлеуді әдетке айналдырғанбыз»[5, б. 302]. XX ғасырдың ортасына қарай тарих белгілі бір логикаға сиятын процесс ретінде мүлдем жоқ деген тар шеңбердегі идеялар пайда болды. Соған сәйкес әлеуметтік прогресс те жоқ - тек қазіргі заман бар, әр уақыт кезеңіндегі қоғамның өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл идеялар философияның жаңа бағыты - постмодернизмнің басты мотивтерінің біріне айналды. Сонымен, Дж.Деррида прогрессті, шындықты, мағынаны, бүкіл батыстық «логоцентристік дәстүрді» идеологемалар мен мифтердің жиынтығы ретінде жариялады [6, с. 1-57]. Постмодернизмде әлем «ештеңе жоқ» деген мәтін ретінде қарастырылды [7, б. 318], ал қоғам «спектакльге» ұқсайды [8, б. 25], адам «өмірлік ойын» барысында өзін және өзімен болып жатқан оқиғалар мәнін аз түсінеді. Постмодернистік көзқарастың құндылықтық-тарихи түсініктегі «қазіргі заман» тұжырымдамасынан айырмашылығы дүниетанымдық хаосты жасайды, жеке адамның және жалпы қоғамның мәртебесінің белгісіздігі бұл табиғи түрде тағдырды (жеке және әлеуметтік) басқару қабілетіне деген сенімсіздікті тудырады. Бұл кез келген жолда адамның өмірі, мәлімдемелері мен тежелуі үшін жауапкершіліктің жойылуына әкеледі: қоғам мен оның негіздері «теңселіп кетеді». Осылайша XX ғасырдың ортасында «қазіргі заман» түсінудің үш бағыты қалыптасты: құндылықтық-тарихи (мұнда қазіргі заманға бүгін белгілі бір тарихи жолда белгілі бір орын беріледі, оның өзіндік нәтижесі бар, соңы бар), құндылықтық емес, тарихи (қазіргі заман бар, нақты шындық ретінде түсіндіріледі, оның рухын тек «ұстап», сезінуге болады, яғни қисынсыз тануға болады, бірақ ақылмен анықталмайды) және тарихтан тыс, постмодерндік (оған сәйкес қазіргі заман - бұл өткенге және болашаққа байланысты емес белгілердің жүйесіз жиынтығы).

Бүгінгі «заманауи емес» қоғам: ол мүмкін нәрсе ме? XX ғасырдың елуінші жылдардың ортасында «қазіргі заман» әлеуметтік-философиялық категориядан саяси категорияға айналады. АҚШ-та «қазіргі заман» тұжырымдамасы құндылықтық (батыстық) қатынастарға сәйкес қоғамның жағдайы ретінде дамып келеді. Тұжырымдама «модернизация теориясы» деп аталып, С.Хантингтон, Т.Парсонс және басқалардың еңбектерінің арқасында кең таралды. «Модернизация» дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға, аграрлықтан индустриалдыға, содан кейін постиндустриалдыға көшуді білдіреді [9, б. 821-830]. Индустриалды қоғам теориясы В.Ростоудың зерттеулері арқылы дамыды. Индустриалды қоғамның негізгі ерекшеліктері нарықтық экономика, ашықтық, жаңа ақпараттық технологиялар, демократия, кепілдендірілген жеке бостандық пен индивидуализм болып табылады. Философ мұндай

қоғамды «эл-ауқат қоғамы» деп атайды. Теориялық құрылымын Д.Белл жасаған постиндустриалды қоғам («болашақтағы постиндустриалды қоғам» [10, 788 б.]) экономикада инновациялық технологиялардың басым жоғары өнімді индустрия, компьютерлік оқытуға негізделген білім беру жүйесі кеңейген білім индустриясы бар, жаңа типтегі - “Номо intelligeens” адамның пайда болуымен сипатталады [10, 788 б.]. Модернизация тұжырымдамасына сәйкес, адамдар үшін тиімдісі осы даму жолымен жүретін қоғам. Модернизация қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени салаларын түбегейлі қайта құруды көздейді. Бұл теория екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелсіздік алған елдерді артта қалған және олар Еуропа мемлекеттері мен АҚШ-тың белсенді араласуымен батыстың жаңғыртылған моделі бойынша дамиды деп ойлады. Сексенінші жылдардың аяғында теория бұрынғы социалистік мемлекеттерге де тарады. Осылайша, модернизация теориясының шеңберінде «заманауи» ұғымы дамыған, ең жақсы деген мағынаға ие болды. Осы жерде қайшылықты жағдай пайда болды: дамымай кенже қалған қоғамды «заманауи» деп атауға болмай ма?! «Заманауи» ұғымының өзі бағалауға айналады. Біз модернизация теориясын жан-жақты талдап қана қоймай, сонымен бірге оның бірнеше елеулі кемшіліктерін атап өтуіміз керек. Ең алдымен, бұл батыстық емес мемлекеттердің мәдени-тарихи ерекшеліктерін олардың даму жолын тарылтып елемейді. Сонымен қатар, модернизация теориясы қазіргі заман мен дәстүрді бір біріне қарсы қояды. Олай болса салт дәстүрін ұстанған кез-келген қоғамды «дамымаған» деп санауға болады. Алайда дәстүрін дәріптеген қытай және жапон қоғамын дамымаған деп айту қиын. Сонымен, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап «қазіргі заман» ұғымы қоғамның батыстық қоғамдық-саяси стандарттарға сай бағалану түсінігіне ие болды. Жаңаны «жақсы» деп бағалаған дұрыс және ол қоғамдық дамуға ықпал етуі мүмкін. Алайда оны абсолюттендіріп, қоғам барлық аспектілеріне таратуға болмайды: көптеген өркениеттің даму тарихы (атап айтқанда, қытай, жапон) дәстүрдің қоғамды алға жылжута ықпалы бар екенін көрсетті. Сонда бүгінгі «қазіргі заман» ұғымы дегеніміз не?

Сонымен, жоғарыда атап өткендей, бүгінгі «заманауи» ұғымының анықтамасы, оны бағалау ұғымды түсінуге тандалған тәсілге байланысты. Құндылықтық-тарихи тұрғыдан қоғамның қазіргі жетістіктері мен оларды одан әрі жетілдіру мүмкіндіктері туралы айтамыз. Сонымен, Д.Беллдің айтуынша, қазіргі қоғам постиндустриалды, білім деңгейінің жоғарылауымен, қоғам барлық салаларын компьютерлендірумен, экономикада қызмет көрсету саласының едәуір басымдығымен, адам мәртебесін оның біліктілігі мен білімінің деңгейімен сипатталады. Ғалым бұл қоғамды меритократиялық деп атайды [10, 788 б.]. Қазіргі заман адамдарға пайдалы, игілік әкелетін қоғамның жағдайы ретінде анықталады. Қазіргі

қоғамға Э.Тоффлердің берген бағасында оптимистік көзқарас аз. Философ бір жағынан бар өндірістің, сондай-ақ әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, екінші жағынан, адамдардың күшінің төмендеуін атап өтеді. Ол қоғамдағы тұрақты және жедел жүріп жатқан жаһандық өзгерістерден тұлғаның бағдарын жоғалтатынын анықтайтын «болашақтағы шок» ұғымын енгізді [11, 557 б.]. Тоффлер капитализм жаһандық конвульсиялар («экопазмдар») түрінде болатын ғылыми-техникалық прогресс тудырған экономикалық және әлеуметтік қайшылықтарды жеңе алмайды деген тұжырымға келеді. Сонымен қатар, философ «қоғам - табиғат» жүйесіндегі заманауи проблемалардың ішінде ең маңыздысы қоғамның индустриялану нәтижесінде пайда болатын соғыс және бейбітшілік мәселесін баса көрсетеді. Сонымен, құндылықтық-тарихи көзқарас тұрғысынан қазіргі заман дегеніміз қоғам дамуының қазіргі кезеңі болып табылады, ол келесілермен сипатталады: ақпарат таратудың орасан зор жылдамдығы, технологиялар мен технологияларды қоғам өмірінің барлық салаларында оның өмір сүруінің басты тәсілі және әл-ауқат деңгейінің көрсеткіші ретінде пайдалану, технологияларды қолдану арқылы адамның дамуға деген құлшынысы, қоғамның дамуындағы экономиканың маңызды рөлі, адамның бостандығын (оның әр түрлі мағынасында) ең жоғарғы игілік ретінде қарастыру. Қазіргі заманға құндылықтық-тарихидан тыс, экзистенциалды емес көзқарас адамның өмір сүру жағдайына және жағдайы арқылы өмірдің мәнін таба алу қабілетіне назар аудартады. Қазіргі заман- қоғамдық өмірді техникаландыру мен механикаландыру салдары болып табылатын ойлаудың бұқаралығымен сипатталатын тарихи жағдай. Қоғамның қазіргі жағдайы дағдарысты: адам бұқаралық сана шеңберінен шыға алмай, шындықтан алшақтап, өмірінің мәнін табу мүмкіндігін жоғалтып жатыр. Постмодерндік көзқарас заманауи қоғамды әлемнің бөлінгендігін түсіну дәуірінің басталуы деп көреді. Модернизм дегеніміз жеке тұлғаның барлық мәдени байланыстардан (соның ішінде білім беру жүйесінен) босату дәуірі. Осыған байланысты әлем тек хаостағы белгілер жиынтығы, ал еркін адам өмірлік бағдарлардан ажырайды.

Сонымен қазіргі заман ұғымының аралас сипаттамаларын атап өткен жөн. Осы ретте американдық әлеуметтанушы Р.Парктің ұстанымы қызықты. Қазіргі дәуірдің басталуын атамай-ақ, ғалым оның ерекшеліктерін көрсетеді: көлемі (планетаның бүкіл халқы), күрделілігі мен жан-жақтылығы, жылдамдығы (ақпарат айналымы, адамдардың қозғалысы және басқа процестер), өмір мен бостандықты механикаландыру. Қазіргі заман қай бағытта қарастырылса да, біздің ойымызша, адамзаттың одан әрі дамуының мүмкіндіктері мен оған тосқауыл болатын нәрселер тұрғысынан анықталуы маңызды. Сонымен, қазіргі заман өткенке байланысты себеп-салдарлы анықталатын, бірақ даму әлеуеті мен жолдарын саналы және

санасыз түрде адамдар таңдайтын тарихи жағдай ретінде көрсетіледі. Сонымен қатар, парадоксальды түрде, машиналар әлемі адамдарға үлкен қауіп төндіреді. Ол неден тұрады? Біріншіден, тұлғаның технологиядан психологиялық тәуелділігі, үнемі мазасыздық, өзіне қатысы жоқ жаңа ақпаратты жіберіп алу қорқынышы. Нәтижесінде шындықтан алшақтау пайда болды: адамның бар назары мен тіршілік кеңістігі машиналық ақпаратты бақылауға дейін шектелді. Сонымен қатар, компьютерді және басқа гаджеттерді жаппай бақылаусыз пайдалану ойлаудың типтелуіне, интеллектуалдық қабілеттер мен дағдылар деңгейінің төмендеуіне әкелді: адамдар босаңсып кетті, әр түрлі мәселелерді шешуге ерінеді – себебі оның бәрін компьютер істей алады! Адамның қарапайым проблемаларды шешуде өз қабілеттерін пайдаланбауы, босаңсудың күнделікті дағдыға айналуы адамнан әрекет талап ететін шындыққа тап болған кезде қорқыныш тудырады. Индивид «Менін» көрсетуді, шығармашылықпен (ойлау, құру) айналысуды естен шығарады. Соның салдарынан ол оңай басқарылатын бұқараға қосылады. Д.М.Абдрахманова осы мәселеге дұрыс пікір білдіреді: «адамдар өзін-өзі жүзеге асырудың қарабайыр түрлеріне көбірек бет бұрып жатыр, өйткені манипулятивті технологиялардың әсерінен өздерін қалыптастырудан гөрі дайын қарабайыр бірдейлікті қабылдау әлдеқайда жеңіл» [12, б. 143].

Осы «жеке адамның бұқараға сіңуі» түрлі саяси жағдайлардағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің бұқаралық сипат алуын түсіндіреді. Адамның өз шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруы осы телекоммуникациялық желілер арқылы көбірек жүзеге аса бастады. Өзін дамытуға жұмсайтын, өзінің әлсіз және мықты тұстарын тануға кететін уақытын адамдар енді желідегі «бейнесін» жасауға көп жұмсайды. «Өзін дамыту» деген нәрсе де енді басқаша түсініле бастаған сияқты: тұлғаның жан-жақты дамуы емес, қоғамдағы бейнесі- өз әлеуметтік мәртебесін жоғарылату. Өз қабілеттерін дамыту туралы қазір сөз бола қойса, ол да ақыл-ойды дамыту деп түсініледі. Осы жерде Кеңес Одағы кезіндегі түрлі мекемелерде спорттық секциялар, кәсіби ғана емес, әуесқойлық, күнделікті адамдар айналысатын спорт түрлерін қазір адамдар ұмытып кеткен сияқты. Түптің түбінде машиналарды шексіз пайдалану стресске, алкоголь, нашақорлық, құмар ойындарға тәуелділікке, қозғалыссыз өмір салтынан тірек-қимыл аппараты ауруларының таралуына әкеліп отыр. Жалпы алғанда, ХХІ ғасырдағы адамның өмір сүру кеңістігі виртуалды әлем деп айтуға болады: қазіргі заманғы философ Н.С.Шиловская, «ол болмыста өмір сүруді ұмыта бастады» дейді. «Қазіргі адам, сол арқылы болмыспен де, басқа адаммен де виртуалды араласады, сондықтан экзистенциалдық байланысты жоғалтып жатыр» [13, б. 171-203]. Қазіргі адамның субъективизмі - бұл «жеке тұлғаның Менінің» субъективизмі, нақты Мен. Адам үшін бұл жалпыға қалай болатындығы

маңызды емес - ең бастысы, бұның оған қандай қатысы бар және оған ұнай ма – сол маңызды. Дүние өздігінен емес, жеке тұлғаның көзқарасында өмір сүреді. Бұл шындықтың көп түрлілігін [13, б. 171-203] және олардың әлеуметтік коммуникация процесіндегі өзара байланысы мәселесін туындатады. Сонда да қазіргі заманғы жеке тұлғаны дамытудың жоғарыда аталған мәселелеріне қарамастан, қазіргі кезде адамның өзін-өзі дамытуға іс жүзінде шексіз мүмкіндіктері бар екенін атап өткен жөн. Бұл тарихи және қазіргі заманғы түрлі білімнің қол жетімділігімен, әлемдік кеңістіктің ашықтығымен және үлкен қашықтықты қысқа мерзімде еңсеру мүмкіндігімен, көптеген елдерде жарияланған азаматтық бостандық пен адамдардың құқықтық мәртебесінің теңдігімен, сайып келгенде, адамның өзін еркін жаратылыс ретінде түсінуіне байланысты. Сонымен, біздің заманымыздың адамының өсуге де, өзін-өзі жетілдіруге де, құлдырауға да шексіз мүмкіндігі бар. Таңдау жасайтын адам. Ең бастысы - проблеманың бар екенін және оның шешімін таңдауды жүзеге асыру. Жоғарыда сипатталған қазіргі заманғы тұлғаның даму тенденциялары қазіргі қоғамның тұтастай алғанда және оның жекелеген институттарының сапалық, сандық, кеңістіктік және уақыттық сипаттамаларын анықтайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша қазіргі қоғам дамуының айқындаушы ерекшелігі мен тенденциясы - болмыстың әр түрлі шектеулерін жеңу, жаңа кеңістіктерді игеру, жаңа байланыстар құру және бостандыққа ұмтылу. Сонымен қатар, бұл тілектің жасампаздық және құлдырататын жақтары бар. Қазіргі қоғам - бұл әртүрлі түсініктегі бостандық қоғамы, қазіргі басты - бостандық культі. Саяси аспектіде бостандық «демократияның» үстемдігінде көрінеді, оның құндылықтарын жариялау кез-келген саяси элита үшін қолайлы жақта көбірек қолданылады және халықтар арасындағы айыптауларға, тіпті келіспеушіліктерге негіз болады (мысалы, әскери әрекеттерден зардап шеккен басқа елдің тұрғындарына көмектесу - бұл гуманизм – бірақ, бұл әрекет мемлекеттің тұтастығын бұзу, оның аумағына заңсыз басып кіру, «демократияға» нұқсан келтіру ретінде түсіндірілуі мүмкін). Жалпы, демократияға тән халықтың басқаруға қатысу қабілеті құндылығын мойындау қажет. Экономикалық бостандық барлық жаңа, бұрын елестету мүмкін емес барлық тауарларды: адам мүшелерін, «ғарышта серуендеуді» және басқаларды қамтитын еркін нарықта көрініп жүр. Әлеуметтік бостандық кез-келген қоғамдастыққа ресми де, биресми де қосыла алу қабілетімен көрінеді, бұны еркін коммуникация желілері айтарлықтай жеңілдетті. Енді бір жыныстағы адамдар некелесе алады, ал ер мен әйел одағынан тұратын отбасылар басқа типтегі адамзат қауымдастығына айналды. Отбасының маңызын түсінбеу қазіргі қоғамдағы белең алған ажырасулардан туындап отыр. Адам отбасын құрмай-ақ та өмір сүре алады, және бұл енді ұят немесе таңқаларлық нәрсе деп

саналмайды. Отбасы культі бостандыққа ұмтылудың нәтижесінде қазіргі қоғамның «сахнасынан ысырылып» жатыр: бостандық ұғымы барған сайын отбасына қарсы күшейіп келеді. Еңбек бостандығы туралы айтар болсақ, адам Жердің бір шетінде бола отырып, екінші шетінен жұмыс іздей алады, жұмыс істей де береді. Адам жұмыс істегісі келе ме, жоқ па, оны да таңдай алады. Көп елдерде ресми жарияланған идеологиялық плюрализмнен бөтен рухани бостандық адамның объективті шындықтан тәуелсіз «ұнайды мен ұнамайдының» негізінде өз шындығын жасауға бағытталған. Мұндай дүниетаным қауіпті, өйткені индивид өзінің мінез-құлқының жағымсыз салдарын білгісі келмеуі және «ұнатпау» санатына жатқыза салуы мүмкін. Нәтижесінде тұтыну мен жаппай жою процесі жасауға қарағанда көбірек басым болады. Әлемдік ауқымда бұл табиғатты аяусыз қанауға, табиғи ресурстардың сарқылуына, ал әлеуметтік деңгейде - адамдардың келіспеушілігіне, альтруизм, жауаптылық, басқалар үшін «ерлікке» ұмтылу сияқты құндылықтардың құлдырауына әкеледі. Жайлылыққа, жаңа нәрсеге ие болуға деген талғамсыз тілектерден тұратын мұндай дүниетаным мен өмір салты қазіргі қоғамды «тұтынушылық қоғам», ал адамды - «Homo consumens» деп атауға негіз. Қазіргі кездегі шамадан тыс тұтыну физикалық қана емес, сонымен қатар семантикалық, интеллектуалды шектен тыс қанығуға әкелетін «артық мәдениетті» тудырады. Нәтижесінде құрал емес, мақсат ретіндегі тұтыну үшін тұтыну пайда болады [14, 25 б.].

Материалдық құндылықтар өмірдің қажеттілігіне айналды, адам өзін олармен сәйкестендіре бастайды. Осылайша, қазіргі заманғы адамының мәні мен мәртебесі шын мәнінде жеке адамның мәнінен алшақтап, қайшылыққа әкеледі: объективті түрде сыртқы күштерден еркіндікке ұмтыла отырып (ру, шіркеу, мемлекет) сән қуып, басқа да нышандық белгілерге ілесе отырып, өзінің «еркіндігін шектейді». Бұл «еркіндіктің жоқтығының» себебі қазіргі адамның шынайы өмірден алшақтауының күшеюінен және осы шектеулерді саналы түрде сезіне алмауынан шығады. Дж.Бодрийяр, Дж.Делез, Ги Дебор атап өткендей, қазіргі «тұтынушылар қоғамын» «қойылым қоғамы» деп те атауға болады. Осы тұжырымдаманы ашатын жұмыстардың бірі - француз философы Ги Дебордың «Қойылым қоғамы» атты еңбегі [8, 178 б.]. Қойылым дегеніміз - басқалардың атынан сөйлеу әрекеті. Адам айналасында болып жатқан оқиғаларға неғұрлым көп көңіл бөлсе, соғұрлым ол өз өміріне аз көңіл бөледі, өзінің болмысының мәнін түсінбейді. Қойылым қоғамында өмір сүре отырып, адам өзін емес, белгісіз тәуелсіз күшті жасайды. Адам өз еңбегінің нәтижесін көрмейді, нәтижесінде ол өз өмірінен біртіндеп жаттанады [15, с. 97-105]. Адамның дамуға деген табиғи құштарлығынан, шығатын қазіргі еркіндік тенденциясы көбінесе қоғамның деградациясына ықпал ететін экстремалды формаларға ие болады (жезөкшелікті қорғау және ақтау, әйелдер мен балаларға



қатысты зорлық-зомбылық және т.б.). Заманауи қоғамның сандық сипаттамаларына келер болсақ, планетаға халықтың қоныстау проблемасын атап өту керек. Бұрын бұл мәселе Т.Мальтус, К.Е.Циолковский және басқалардың еңбектерінде көтерілген, қазір - С.П.Капица, Д.Мидоуз және басқалардың еңбектерінде көтеріліп жүр. Бұл мәселенің шешімі екі бағытта дамып келеді: әлеуметтік-биологиялық (адамдарды жыныстық зарарсыздандыру, шағын отбасы идеясын насихаттау) және ғарыштық (басқа планеталарға қоныстану мүмкіндігін іздеу). Бірқатар ғалымдар демографиялық ахуалды тұрақтандыру туралы айтса (мысалы, С.П. Капицаның айтуы бойынша, ол 2130 жылы [16, 25-47 б.]), ал басқа ғалымдар «адамзаттың ақыры» туралы айтады (Д. Мидоуз [17, 347 б.]). Осы мақалада тек проблеманың бар дерегін айта отырып, біз адамзаттың әлем кеңістігін жаулауы туралы елу жыл кейін де елестете алмаймыз, болашақта адамзат бұл мәселенің шешімін табады деп те айта алмаймыз. Бастысы - сол жолды іздеу керек. Қазіргі қоғамның «кеңістіктік» бостандығының ерекшелігі - бірнеше сағат ішінде (минуттарда) планетаның кез-келген жерінде бола алу мүмкіндігі, ақпаратты жазбаша және баспа белгілері түрінде ғана емес, сонымен қатар толық визуалды және дыбыстық түрінде беру мүмкіндігі. Қазір шындық осындай.

Қорытындылай келе, қазіргі заман - бұл жаһандық өзгерістер мен парадокстардың уақыты, мәдени, ғаламдық әлеуметтік және экологиялық байланыстардың қоры. Қазіргі заманды құрайтын барлық мәселелер де, жетістіктер де екіұшты және өзара байланысты. Болып жатқан оқиғаның толық күрделілігін түсіну үшін белгілі бір дәрежеде қытай халық даналығын еске түсіру орынды болады: «өзгеріс кезінде өмір сүруден құдай сақтасын». Алайда қазіргі уақыт - әлемдегі жағдай өркендеу мен қорқынышқа бірнеше сәтте өзгеруі мүмкін қызықты уақыт. Таңдау мен әрекет біздікі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Капустин Б.Г. Новая философская энциклопедия, М., 2010, 587–588 стр
2. Фихте И.Г. Основные черты современной эпохи. СПб.,1906. Лекция IX. С.80
3. К. Маркс. Предисловие к «К критике политической экономии» // К. Маркс, Ф. Энгельс, Собр. соч., т. 13, 7стр
4. Ясперс К. Смысл и назначение истории. М., 1991. 302стр
5. Цендровский О. Ю. Культурно-мировоззренческие основания глобального сетевого общества XXI в. // Человек и культура. № 5. 1-57 стр
6. Деррида Ж. О грамматологии. М.: Ad Marginem. 2000. 318стр
7. Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. М.: Академия, 1999. 788 стр

8. Тоффлер Э. Шок будущего/пер. с англ. М.,2003. 557стр
- 9.Абдрахманова Д.М. Свобода личности в условиях глобализации: монография. Уфа: РИО РУНМЦ МО РБ, 2006. 143стр
10. Шиловская Н.С. Человек как субъект, бытие и бытие субъекта в истории и современности // NB: Философские исследования. -2012. № 1.171-203б
11. Бронзино Л. Ю. Постмодернизм: сущностные идеи и их представители // Вестник МГИМО Университета. – 2010.№ 3. 97-105 ст

### Referances

1. Карýstin B.G. Novaia filosofskaiia entsiklopediia, M., 2010, 587–588 str
2. Fihte I.G. Osnovnye cherty sovremennoi epohi. SPb.,1906. Lektsiia IX. S.80
3. K. Marks. Predislovie k «K kritike politicheskoi ekonomii» // K. Marks, F. Engels, Sobr. soch., t. 13, 7str
4. Iaspers K. Smysl i naznachenie istorii. M., 1991. 302str
5. Tsendrovskii O. Iý. Kýltýrno-mirovozzrencheskie osnovaniia globalnogo setevogo obestva XXI v. // Chelovek i kýltýra. № 5. 1-57 str
6. Derrida J. O grammatologii. M.: Ad Marginem. 2000. 318str
7. Bell D. Griadyee postindystryalnoe obestvo. M.: Akademiia, 1999. 788 str
8. Toffler E. Shok býdyego/per. s angl. M.,2003. 557str
- 9.Abdrahmanova D.M. Svoboda lichnosti v ýsloviiah globalizatsii: monografiia. Ýfa: RIO RÝNMTs MO RB, 2006. 143str
10. Shilovskaiia N.S. Chelovek kak sýbekt, bytie i bytie sýbekta v istorii i sovremennosti // NB: Filosofskie issledovaniia. -2012. № 1.171-203b
11. Bronzino L. Iý. Postmodernizm: sýnostnye idei i ih predstaviteli // Vestnik MGIMO Ýniversiteta. – 2010.№ 3. 97-105 st

## КОНЦЕПЦИЯ СОВРЕМЕННОСТИ В КОНЦЕПЦИИ СОВРЕМЕННОГО ЧЕЛОВЕКА

**Б.А.АМАНИЯЗОВА**

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан

e-mail: [baqdaqul-1977@mail.ru](mailto:baqdaqul-1977@mail.ru)

**Аннотация:** Люди всегда беспокоятся о завтрашнем дне. Но ее основание ищут с сегодняшнего дня. Поскольку он может действовать сегодня для своего будущего, он может изменить себя и мир. Эпоха Просвещения породила понятие «современность». Он определил свою миссию. В дальнейшем объем этого понятия расширился и стал приобретать новый смысл. Понятие «современность», вне зависимости от его значения, всегда используется для оценки реальности общественного развития и потенциала развития. Также в статье представлены неблагоприятные для развития личности концепции, показаны актуальные глобальные проблемы и достижения. Делается вывод о сложности и взаимосвязи различных явлений и процессов современности. До второй половины XIX века понятие «современный» рассматривалось как этап истории, который определялся по хронологической логике, границы которого были раньше и позже. Все проблемы и достижения, составляющие современность, неоднозначны и взаимосвязаны. Однако настоящее — интересное время, когда ситуация в мире может измениться от благоденствия до страха за несколько мгновений. Выбор и действие за нами.

**Ключевые слова:** современность, общество, ценности, развитие личности, хаос, глобальные проблемы, достижения, перемены.

## MODERN CONCEPT IN THE CONCEPT OF MODERN MAN

**B.A. AMANIYAZOVA**

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: [baqdaqul-1977@mail.ru](mailto:baqdaqul-1977@mail.ru)

**Abstract:** People are always worried about tomorrow. But its foundation is being sought from today. Because he can act today for his future, he can change himself and the world. The Age of Enlightenment gave rise to the concept of "modernity". He defined his mission. In the future, the scope of this concept expanded and began to acquire a new meaning. Also, the article presents concepts that are unfavorable for the development of the individual, and shows current global problems and achievements. Until the second half of the 19th century, the concept of "modern" was considered as a stage of history, which was determined by chronological logic, the boundaries of which were earlier and later. However, the present is an interesting time when the situation in the world can change from prosperity to fear in a few moments. The choice and action is ours.

**Keywords:** modernity, society, values, personal development, chaos, global issues, achievements, changes